

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу мен жеткізу тәртібін жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 қыркүйек N 1149.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.04.26. N 473 қаулысымен. ~P990473

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу мен жеткізу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылдың 1 қарашасынан бастап зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметке тариф Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры қаражатынан төленетін төлем сомаларының 0,6 процентінен аспайтын мөлшерде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары 1996 жылдың 1 қарашасынан бастап зейнетақыларды төлеу мен жеткізуді тікелей жүзеге асыратын мекемені белгіленген тариф пен зейнеткерлерге сапалы қызмет көрсету шарттары бойынша таңдап алын.

3. 1996 жылдың 1 қарашасынан бастап Республика Үкіметінің қоса беріліп отырған Тізбеге сәйкес шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
"19" қыркүйектегі N 1149
қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылдың
1 қарашасынан бастап күші жойылған шешімдерінің

1. "Зейнетақы мен жәрдемақы төлеуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 34 қаулысы (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 2, 16-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 34 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 25 мамырдағы N 560 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 23, 243-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаржы жинауды жақсарту және зейнетақылар мен жәрдемақылардың төленуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 28 қарашадағы N 1600 қаулысының 4-тармағының үшінші абзацы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 36, 467-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 34 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 714 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 27, 231-құжат).